


**"Жеңіс" жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

"Келісемін" :

АББ бас маманы:

 Ұ. Тастанова.
31.08.2023ж



"Бекітемін":

Мектеп директоры:

 Ә. Л. Дүйсенбеков
31.08.23ж

**Әлеуметтік педагогтың
жылдық жоспары.**

2023 - 2024 оқу жылы

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебі

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани және дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. - Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру. - Нормативтік-құқықтық	тамыз	әлеуметтік педагог	жоспар

	күжаттар базасын жинақтау.			
2	- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау. - Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	тамыз	әлеуметтік педагог	акция аясында
3	- «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну. - Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	пед кеңес анықтама
4	- Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау. - Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар - Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар - Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	Тізім

	- Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) -Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар			
5	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	Тізім
6	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекші кітапханашы	пед кеңес анықтама
7	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты : Толық отбасылар Толық емес отбасы Анасы жоқ отбасылар Әкесі жоқ отбасылар Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы Көп балалы отбасы Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар; Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар Өгей ата-анамен тұратын Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде	қыркүйек	әлеуметтік педагог	мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу

	тәрбиеленетін Тасымалданатын оқушылар Жалдамалы пәтерде тұратын отбасылар Ата-аналарының білім: Жоғары, жоғары білімнен кейінгі Техникалық және кәсіптік Орта			
II. Бала құқығын қорғау жұмысы				
8	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен және қорғаншылармен ҚББ байланыса отырып жұмыс жүргізу.	жыл бой	әлеуметтік педагог	анықтама
9	Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер психолог	анықтама
10	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	қыркүйек, қазан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	мәлімет
11	«Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын санаттарында эссе жазу.	желтоқсан	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	анықтама
12	«Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бірітуші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 9- 11 сыныптар	желтоқсан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог сынып жетекші	анықтама
13	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-9 сыныптар сауалнама	ақпан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог	анықтама
14	«Өмір құндылығы» 10-11 сыныптар тренинг	сәуір	әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог	анықтама
III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс				
15	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата- аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	жылына екі рет	әлеуметтік педагог және комиссия құрамы	Оқушыға Акт жазу
16	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу	қыркүйек	ДТЖЖО сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	анықтама
17	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру	жыл бойы	ДТЖЖО әлеуметтік педагог педагог психолог	тізім

	мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына теріселеу жүргізу.			
18	«Мен тұнғаным» 6 сыныптар доңғалек үстел	наурыз	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
19	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерде демалуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	мамыр	әлеуметтік педагог	оқушы құжаттарын жинау

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) аара іс-қимыл жүргізу жұмысы

20	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып теріселеу жұмыстарын жүргізу	үнемі	әлеуметтік педагог педагог психолог сынып жетекші педагог ұйымдастырушы	болған жағдайда
21	Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	үнемі		
22	Ата-анасымен тұратын оқушылардың отбасылық, әлеуметтік жағдайын бақылау	үнемі		
23	Медициналық сәла өкілдерімен кездесулер өткізу	жоспарға сай		

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

24	Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	
25	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау.	үнемі	әлеуметтік педагог	сұхбаттасу
26	Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау.	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог	

27	«Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен	наурыз	әлеуметтік педагог	хаттама
	"Жүрек жылуы" ата-аналармен тренинг өткізу	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Хаттама
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
29	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы.	мамыр	әлеуметтік педагог	анықтама
30	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	әлеуметтік педагог	SVOT талдау
31	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу

Әлеуметтік педагог: Женсаикбаева Айнур Сырлыбаевна



"Бекітемін":

Мектеп директоры:

Дүйсенбеков Ә.Л.



Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектептің әлеуметтік паспорты

2023-2024 оқу жылы

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
	Барлық оқушылар	641	
	Отбасы түрі бойынша		
1	Толық отбасылар	595	92,9
2	Толық емес отбасылар	20	3,12
3	Анасы жоқ балалар	1	0,1
4	Әкесі жоқ балалар	19	2,96
5	Көп балалы отбасы	203	31,7
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы балалары	18	2,80
7	Жалғыз басты ана	3	0,4
8	Атаулы әлеуметтік картаға енген отбасы балалары.	18	2,80
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	8	1,24
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	50	7,8
2	Техникалық және кәсіптік	126	19,6
3	Орта	200	31,25

Әлеуметтік педагог:

А.Женсикбаева

**Жеңіс жалпы орта мектебі
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік статуска
ие оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету
жылдық есеп.**

2023-2024 оқу жылы

Жеңіс жалпы орта мектебінің әлеуметтік төлқұжаты

№	Әлеуметтік сипаттар	Саны	%
	Барлық оқушы саны	641	100
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар	595	92,9
2	Толық емес отбасылар	14	2,18
3	Анасы жоқ балалар	1	0,1
4	Әкесі жоқ балалар	20	3,1
5	Көп балалы отбасы	203	31,7
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	18	2,8
7	Жалғыз басым ана	3	0,4
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	0
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	10	1,5
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мектептің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Қәмiлетке толмағандар ісi жөнiндегi бөлiмге есепке тұратындар	0	0
13	Мектепшiлiк бақылау есебiнде тұратындар	0	0
	Ата-аналарының бiлiмi:		
14	Жоғары, жоғары бiлiмнен кейiнгi	50	7,8
15	Техникалық және кәсiптiк	126	19,6
16	Орта	200	31,25

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік оқу құжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Қамқоршылық кеңестің шешімімен мектебіміздегі әлеуметтік статуска ие және көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың тізімі анықталды.

Аудандық білім бөлімінен атаулы әлеуметтік картаға енген 18 оқушыға материалдық және канцелярлық заттарға бір реттік қаржылай көмек көрсетілді.

теп мұғалімдері демеушілік жасап көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан II оқушыға мейнасына, сөмке, оқуға арналған құрал жабдықтар алынып көмек көмек берілді.



Аудандық кәсіподақтың атынан 2
оқушыға мектеп сөмкесі және кеңсе
заттарымен көмек көрсетілді.



Бүгінгі таңда мектептегі қорғаншылықтағы және қамқоршылықтағы балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, көп балалы отбасынан шыққан 271 бастауыш сынып оқушыларына және атаулы әлеуметтік көмек алатын, жартылай жетім 11 оқушыға күніне бір рет 5 күн асханадан тегін ыстық тамақ беріледі. Ауданымыздың кәсіпкері Арыстанбекова Сәуле тамаққа қажетті заттармен қамтамасыз етеді. Әкелініп жатқан заттардың сапасы мен уақыт мерзімі қадағаланып тексеріліп отыр. Күнделікті ас тәзірінің сапасын қадағалау мектебіміздің медбикесі Мурадова Фатима. Оқушылардың күнделікті тамаққа келуін қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылған.



«Қайырымдылық- халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі», «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзін көресің» —деп дана халқымыз айтқандай мектебіміздің педагогтары мен оқушылары белсене қатысты. Қайырымдылық акциядан түскен қаражатқа мектебіміздегі әлеуметтік статуска ие көпбалалы жартыдай жетім оқушыларға көмек көрсетілді.



Желтоқсан айының 26 күні ауданымызда өткен әкім шыршасына көп балалы отбасынан шыққан 6 сынып оқушысы Ермахан Рамазан қатысты. Жалпы концерттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылды, тәттілер таратылды.



Келтоксан айының 28 күні ауылымызда өткен ауыл әкім шыршасына әлеуметтік мәртебеге не жартылай
сетім бастауыш сыныптың 8 оқушы қатысты. Жалпы концерттік бағдарламалар мен іс-шаралар
йымдастырылды, тәттілер таратылды.



Рамазан айы көптеген жақсылықтарға жетелеуші ай. Соның бірі – осы сабырлылық. Қасиетті айда Алланың амансыз сауаптарынан үмітті адам кез келген кедергі мен қиыншылықтарға сабырлылық танытып, төзімділік көрсете білуі керек. Осы Рамазанда айында мектеп педагогтары пітір садақаларын қайырымдылық көрсетіп, тақсатында мектептегі әлеуметтік мәртебеге не көп балалы аз қамтылған Әбдікаралардың отбасына көмек көрсетілді.



*Өткізілген қамқорлық көрсетілімге
ата-аналар өз ризашылығын білдірді.
Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып,
қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен
әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып,
өмірге деген көзқарасын өзгерту осы отырған
барлық азаматтың борышы деп білемін.*